

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ЖАҢАДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**  
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**I БӨЛІМ**

25 мамыр 2016 ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых  
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**  
под эгидой IX Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ I**

25мая 2016 г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars  
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC  
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**  
in the framework of the IX Astana Economic Forum

**PART I**

25 may 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431  
Ж 28

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент  
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

**Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері:** Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

**Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

**ISBN 978-9965-31-762-0**

**ISBN 978-9965-31-762-0**

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)-551я431

болып табылады. Қазіргі жағдайда ақпаратты алу, әсіресе жергілікті әлеуметтік органдарға бару қиындық туғызатын қарт адамдар мен мүгедектер үшін өте күрделі болып отыр.

Осы жұмыс бойынша жасалған барлық қорытындылар ҚР-да әлеуметтік туризмнің маңыздылығын дәлелдейді және оның даму механизмнің ашады. Әлеуметтік туризмнің бастамаларын орталықтандыруға және біріктіруге мүмкіндік береді, сонымен қатар әлеуметтік туризмді жеткізуші мен алушы арасында байланыстырушы буын болады. Әлеуметтік туризм бойынша жалпы және құрылымдық ақпараттарды қамтитын бірінғай ақпараттық порталды құру тұрғындарды қолжетімді бастамалар, қызметтерді алу ережелері туралы жылдам ақпараттандыруға және әлеуметтік туризмді танымал етуге мүмкіндік береді.

#### Әдебиеттер:

1. International Labour Organisation, Holidays with Pay Convention.- Geneva, 1936.
2. Social Tourism in Europe: Theory and Practice/edited by Scott McCabe, Lynn Minnaert and Anya Diekmann .- Great Britain: Short Run Press Ltd 2012. – P.215.
3. World Travel And Tourism Council, Travel & Tourism Economic Impact 2016 Kazakhstan, Oxford 2016 // <http://www.wttc.org/>.
4. Қазақстан Республикасының статистика туралы Агентігінің ресми сайты [Электронды көр]. – Кіру тәртібі: [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz);
5. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2015 жыл 30 қараша.

## ТУРИЗМ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ САЛАСЫ РЕТІНДЕ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Орынбасаров С.Ә., Қожахметов З.К.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: [ziko10\\_58@mail.ru](mailto:ziko10_58@mail.ru)

Қазіргі заманғы туризм адамның демалу мен бос уақытқа байланысты негізгі құқығын тану, еңбек етушілерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының берілуімен пайда болды. Ол жеке тұлға факторының дамуы мен адамдар мен халықтар арасында өзара түсінушіліктің пайда болуы факторына айналды.

Халықаралық сарапшылардың пікірінше қазіргі кезде туризм әлемдік экономикадағы қарқыны төмендемейтін саланы біріне жатады. Туризм көп елдерде жалпы ішкі өнімнің қалыптасуына, қосымша жұмыс орнын құруға және сыртқы сауда балансының белсенділігіне ықпал етеді [1]. Соңғы жылдары туризм әлемдегі ең табысты бизнестің бірі (кесте 1).

#### Кесте 1

Әлем өңірлері бойынша кіріс туризмінің көлемінің таратылуы  
(халықаралық туристік келулер, млн. адам)


Әлем өңірлері	Келу					Болжам	
	1995	2000	2005	2010	2015	2017	2020
Африка	20,2	27,4	34,1	47,0	58,9	66,5	77,3
Солтүстік және Оңтүстік Америка	108,9	130,2	163,4	90,4	221,6	235,7	82,3
Шығыс Азия (Тынық мұхит аймағы)	81,4	92,9	152,4	195,2	285,2	289,6	397,2
Еуропа	338,4	393,4	436,2	527,3	674,3	685,3	717,0
Қиыр Шығыс	12,4	18,3	24,7	35,9	55,1	60,1	68,5
Оңтүстік Азия	4,2	5,5	7,5	10,6	14,6	16,3	18,8

Туризмнің маңызы жылдан-жылға өсуде, оның халықаралық байланыста және валюталық түсім көз ретінде маңызы артуда. Елдердің шикізат көзі азайлады, ал туристік индустрия қалпына келетін ресурстармен жұмыс істеген.

Туризм елдің бүкіл аймақтарының экономикасына белсенді әсер етеді. Туризм саласындағы шаруашылық субъектілерінің құрылуы мен жұмыс істеуі автомобиль көлігі, коммерциялық, коммуналдық, мәдени, денсаулық сақтау саласының дамуына тығыз байланысты. Осылайша, туризм саласы экономиканың басқа секторларына қарағанда ең күшті мультипликативті әсері бар. Туризм әлемдік интеграциялық үдерістердің факторлардың бірі болып табылады, ал туристік бизнес экономиканың маңызды секторы болып келеді. Әлемдегі туризмнің дамуына халықтың өмір сүру сапасын арттыру, бос уақыт ұзақтығын арттыру, демалыс, экономикалық және саяси тұрақтылық және басқа да бірқатар факторларды жетілдіру, ғылыми-техникалық прогресс әсер етеді.

Қазақстан, бірегей табиғи ресурстар және көшпелі халықтың бірегей мәдениетімен бай бола тұра, халықаралық және өңірлік нарықтарда туризмді дамыту үшін үлкен әлеуетке ие пайдаланылмаған. Қар мен мұздан, құмды және тау шыңдарына дейін барлығы бар - Біздің еліміз әлемдегі тоғызыншы ірі ел болып табылады. Ол жарқын әртүрлілік, белсенді демалыс үшін шексіз мүмкіндіктер сипатталатын табиғи ландшафты, бірегей ауқымы болып табылады.

2004-2014 жж. қазақстандық туристік фирмалардың санына келетін болсақ, олардың саны 395 бірлікке, яғни 39% өскен. Яғни туристік фирмалардың саны аса қатты өспеген, ол қызметкөрсету сапасының жақсы екендігін көрсетеді [2]. Себебі конкуренттер көп болған сайын, қызмет көрсету сапасының артатындығына кепіл жоқ. Егер туристік қызметтерді көрсететін жеке кәсіпкерлерге келетін болсақ, 2014 жылы олардың саны тек 51, ол дегеніміз туристік қызмет көрсету орындарының көп бөлігі мемлекеттік екенін айтуға болады. Яғни, мемлекетпен реттелетін мекемелерде қызмет көрсету сапаларының жақсы деңгейде екені анық және олар жеке меншік кәсіпорындарға қарғанда көп кепіл береді (сурет 1).



Сурет 1 - Қазақстан Республикасында 2014 жылы туризмнің дамуының негізгі көрсеткіштері

Қазақстан Республикасы Агенттігінің мәліметтері бойынша 2014 жылы қызмет көрсетілген келушілердің жалпы саны 45,9% өскен, 2012 жылғы кезеңмен салыстырғанда, 9 729,8 мың. адамды құраған (2013 жылы 6 669,0 мың. адам).

Туристік салада көрсетілген қызметтердің жалпы көлемі 5,1% көтеріліп, 34,9 млрд. тенге құрады (2013 жылы 33,2 млрд. тенге).

Есептік кезеңде барлық бағыттар бойынша туристік ағындардың көбеюі көрінуде:

- келушілер туризмінің келушілер саны 44,1% өсіп, 2 747,4 мың. адамды құрады (2013 жылы 1 906,9 мың адам);

- сыртқа шығу туризмінің туристтер саны 76,7% көбейіп, 4 770,5 мың. адамды құрады (2013 жылы 2 699,4 мың адам);

- ішкі туризм туристтерінің саны 7,2% көбейіп, 2 211,9 мың. адамды құрады (2013 жылы 2 062,7 мың адам).

Қазақстан Республикасында туризмді дамытуға кедергі ететін негізгі экономикалық факторлар. Бірқатар кедергілерден соң Қазақстан үлкен туристік биржаларға қатысты.

Берлин, Лондон, Мәскеу қалаларында. Қазақстан Республикасы бәсекеге түсе алатын және рентабельді туризм индустриясын дамытуға толық мүмкіншілігі бар. Оған ықпал ететіндер:

- еліміздің қолайлы геосаяси жағдайы. Батыс пен Шығыс аралығындағы халықаралық туристік және коммерциялық ағымдардың өсуі;
- саяси тұрақтылық, демократиялық қайта құру, экономикалық реформаның өтуі және инвестициялық ахуалдың тұрақтылығы мен ашықтығы;
- еліміздің тарихи-мәдениет мұрасының ерекшелігі;
- мұсылман, христиан, будда ескерткіштерінің болуы;
- Қазақстанның көп мәдениеттілігі, музей, мәдениет ошақтарының, фольклорлы-этнографиялық және ұлттық кәсіпқой өнерпаздардың көп болуы;
- туристік-рекреациялық аймақтардың болуы, табиғи ландшафтар, өсімдік, жануарлар дүниесінің ерекшелігі, экзотикалық тур, балық аулау, аң аулау, өсімдіктер жинау т.б.;
- бос еңбек ресурстарының болуы [2].

Туризмнің даму барысына Қазақстанның 1993 жылы ӘТҰ- на кіруінің маңызы зор болды. Елімізде туризмнің дамуына көңіл бөлінуде және туризмнің ролін түсінуде. Айта кететін бір жағдай, Республикада туризм дамуының үлкен концепциясы құрылуы «Ұлы Жібек Жолының» жаңғыруы. Қазақстанда туризмнің дамуын дұрыс жолға қою тек табыс алып келу ғана емес, еліміздің басқа елдермен байланысы нығайып, бет бейнесі қалыптасады. Қазақстандағы туризмнің тарихи алғы шарттары біздің д.д. үшінші мың жылдықта қалыптаса бастаған Ұлы Жібек жолының қалыптасуымен дамуы болып табылады.

Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін туризм басқада экономика салалары сияқты орталықтан қатаң регламенттелді. Туристік қызметтегі КСРО-ның негізгі аймақтары Кавказ, Қырым, Балтық өңірі, Ресейдің, Орта Азияның тарихи орталықтары болды. Сонымен, бірге, Қазақстанның бірқатар сәулет, археологиялық, мәдени ескерткіштері мен табиғи көрнекті жерлерінің тарихи мәніне іс жүзінде жарнама жасалмады және сұраныс болмады. Кеңестік кезеңде Қазақстандағы туризм идеологиялық қызметті атқарған мәдени-ағарту жұмысы жүйесі элементтерінің бірі болып саналды және оның басым рөліне қарамастан, қалдық қағидаты бойынша қаржыландырылды және елеулі экономикалық маңызға ие болмады.

Қазақстанда туризм өндірісінің дамымай қалуының бір себебі экономика саласы ретінде онымен мемлекеттік деңгейде тікелей айналыспады. Туризмді аумақтық ұйымдастыру және мемлекеттік емес туристік құрылымдарды кешенді болжауға, ұзақ мерзімді жоспарлауға назар аударылмады. Туризм табысының үлкен бөлігі жергілікті бюджетке түсетіндігіне қарамастан, жергілікті басқару органдарының тарапынан туристік қызметті басымдық деп танымауы саланы дамытуды тежеуші фактор болып табылады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін туристік қызметті реттеу мен халықтың тарихи және мәдени мұрасын қайта өркендету үшін негіз қаланды. Қазақстан әлемде туристік бағытта әлі де болса белгісіз ел. Сондықтанда Қазақстанның туристік бейнесін көтеру үшін бірқатар кең көлемде шаралар қажет. Негізгі шаралардың бірі туристік негізгі шаралардың бірі туристік фирмалар мен агентсволардың халықаралық туристік жәрмеңке, көрме конференция т.б. әлемдік деңгейдегі шараларға қатысуы және Қазақстан жерінде де өткізу.

Қазақстан Республикасында туризмді дамыту мақсаты:

- туризмді экономиканың табысты салаларының біріне айналдыру;
- Республиканың туристік потенциалын дамыту;
- мәдениет тарихын және табиғи байлықтарымызды сақтау және ұтымды пайдалану;
- туристік ресурстарды барлық халықтық қол жеткізу мүмкіншілігіне көңіл бөлу, тұтынушыларды максималды қанағаттандыру
- халықты ынталандыру;
- мемлекеттік және жеке меншіктік туризм сферасының тиімділігін арттыру;
- орта және шағын кәсіпкерлерді дамыту.

Қорыта келе, туризмді дамыту үшін қарастырылатын мәселелер әрине өте көп екенін айта кету керек. Алайда бүгінгі күні мемлекет тарапынан көптеген бағдарламалар мен білікті

кадрларды даярлау курстары көптеп қолға алынуда. Елімізде осы саланы дамытуды тежейтін келесідей факторлар бар:

- инфрақұрылымды дамыту деңгейі;
- туристік саланы құқықтық қамтамасыз ету;
- көрсетілетін қызметтер мен төлем бағасының сәйкессіздігі;

- шетел туристтеріне Қазақстан Республикасындағы туристік орындарды жарнамалаудың жеткіліксіздігі.

Аталған кемшіліктерді жою мен толық туристік саланы алға бастыруда құрастырылып жатқан мемлекеттік бағдарламаларды шет ел тәжірибесі мысалында дамытып, жаңа әдіс тәсілдерді қолдану арқылы және мемлекеттің тікелей қолдауы арқылы болашақта Қазақстан туристік саласы әлемдік туристік жүйеде өзінің тегігін табуға мүмкіндік береді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Накипова Г.Е. Современное состояние и развитие отечественного туризма в условиях мирового кризиса. - Караганда, 2009.- .70-74 б.

2. Концепция развития туризма в Республике Казахстан. О развитии туризма как доходной отрасли экономики в Республике. - Алматы, Раритет: 2001. -21 б.